

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



«БЕКІТЕМІН»

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Б. Тілеп

Бұйрық №05-04/721
«18» 10. 2024 ж.

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
PhD докторантураның білім беру бағдарламасын жүзеге асыру туралы**

ЕРЕЖЕСІ

Көшірме	Код	Басылым	Әзірлеген	Келісілді	Келісілді
	П КазНПУ 5001-23	Бесінші	Г.Баймбетова	Б.Нарбекова	Е.Сұлтан
				А.Искакова	К.Аменова
				М.Жақауов	Н.Мусабаев
				Ж.Ішпекбаев	А.Желдыбаева
				Х.Жанбеков	Ұ.Әбдіғалбарова

Алматы, 2024 ж.

Лист согласования

ФИО, подразделение, должность	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Данные по ЭЦП
Желдыбаева А.Ж. - Начальник управления - Юридическое управление	Согласовано	18.10.2024 16:42	ЖЕЛДЫБАЕВА А.Ж.
Абдигапбарова У.М. - Директор департамента - Департамент науки	Согласовано	18.10.2024 15:42	АБДИГАПБАРОВА У.М.
Аменова К.А. - Проректор по финансам и развитию инфраструктуры - Председатель Правления - Ректор	Согласовано	18.10.2024 17:29	АМЕНОВА К.А.
Таттибаева Э.М.(и.о Искакова А.Т.) - Проректор по стратегии и интернационализации - Проректор по стратегии и интернационализации	Согласовано	18.10.2024 15:37	ТАТТИБАЕВА Э.М.
Жакауов М.Д. - Проректор по социальному развитию - Председатель Правления - Ректор	Согласовано	18.10.2024 15:44	ЖАКАУОВ М.Д.
Мусабаев Н.Б. - Проректор по цифровизации - Председатель Правления - Ректор	Согласовано	18.10.2024 14:27	МУСАБАЕВ Н.Б.
Ишпекбаев Ж.Е. - Руководитель аппарата - Аппарат Ректора	Согласовано	18.10.2024 14:14	ИШПЕКБАЕВ Ж.Е.
Султан Е. - Проректор по исследовательской деятельности и	Согласовано	18.10.2024 15:44	СУЛТАН Е.



Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), АМЕНОВА КАМИЛЯ,
Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный педагогический
университет имени Абая", BIN031240004969

инновации - Председатель Правления - Ректор			
Жанбеков Х.Н.(и.о Нарбекова Б.М.) - Проректор по академической деятельности - Председатель Правления - Ректор	Согласовано	18.10.2024 14:32	ЖАНБЕКОВ Х.Н.
Аменова К.А.(и.о Тілеп Б.А.) - Председатель Правления-ректор - Председатель Правления - Ректор	Подписано	18.10.2024 17:33	ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), АМЕНОВА КАМИЛЯ, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный педагогический университет имени Абая"



Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), АМЕНОВА КАМИЛЯ,
Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный педагогический
университет имени Абая", VIN031240004969

«БЕКІТЕМІН»

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
бұйрығы №05-04/721
«18»10.2024 ж.

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
PhD докторантураның білім беру бағдарламасын жүзеге асыру туралы
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (бұдан әрі – Абай атындағы ҚазҰПУ) PhD докторантураның білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

1) 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР №319-III «Білім туралы» Заңы;
2) 2011 жылғы 18 ақпандағы ҚР №407-IV «Ғылым туралы» заңы;
3) 2018 жылғы 4 шілдедегі №171-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

4) ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары»;

5) ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №79 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгертулер мен толықтырулар);

6) ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережесі» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырындағы №193 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтырулар);

7) ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» (5-қосымша) (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 20 қаңтардағы №23 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтырулар);

8) ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық кеңестің типтік ережелері» (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы №294 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар);

9) ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. №127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелер беру қағидалары» (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 шілдедегі №352 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар);

10) ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 маусымдағы №234 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар).

2. Ереже Абай атындағы ҚазҰПУ-де білім берудің кредиттік технологиясы шеңберінде докторларды (PhD докторантура, бейіндік докторантура бағдарламаларын) даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асырудың міндетті талаптарын және тәртібін анықтайды.

3. Ереже PhD докторларын даярлаудың өмірлік циклына қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелер (факультеттер, кафедралар, қаржы және ғылыми бөлімшелер және т.б.) үшін міндетті болып табылады.

4. PhD докторантураның жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын негізгі ұйымдастырушы бөлім факультеттердегі түлектерді шығарушы кафедра болып табылады.

5. Докторанттың диссертациялық зерттеуінің орындалуы туралы есебі факультеттің түлектерді шығарушы кафедрасының отырысында жыл сайын кем дегенде 2 рет өткізіледі.

6. Докторантураның білім беру үдерісін үйлестіру және бақылау университет деңгейінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Ғылым департаментіне қарасты ҒЗЖ және ғылыми кадрларды даярлау басқармасы мен Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті арқылы жүзеге асырылады.

2. PhD докторантураға қабылдау

7. Абай атындағы ҚазҰПУ докторантурасының білім беру бағдарламалары бойынша контингентке үміткерлерді қабылдау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының типтік ережелері негізінде жүзеге асырылады (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығымен бекітілген (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.07.2024 ж. №372 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтырулар)).

8. Докторантура бағдарламалары бойынша контингентін қалыптастыру ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ азаматтардың жеке қаражаты және басқа көздер есебінен төлеу арқылы жүзеге асырылады.

9. Докторантураға тұлғаларды қабылдау шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы негізінде жүргізіледі.

10. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған және докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратураның бағдарламасымен сәйкес келетін тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2, 3 квантильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми эзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

3. PhD докторантураның білім беру бағдарламаларының құрылымы

11. Докторлық (PhD) білім беру бағдарламасының құрылымы білім беру және ғылыми компоненттерден тұрады.

12. Білім беру және ғылыми жұмыстардың көлемі игерілген материалдар және кредит санымен анықталады. Докторлық бағдарламада білім берудің бұрынғы деңгейлерінде игерілген кредиттер санын есепке алатын кредиттік жинақтаушы жүйе бар. Пән кредиттер санына тең көлеммен бағаланады. Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болатындығына сүйену керек.

13. Докторантурада білім алу күндізгі оқу формасы арқылы жүзеге асырылады.

14. Докторантураның оқу жылы академиялық кезеңдерден, соның ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстары, аралық бақылау кезеңдері, қорытынды бақылау, тәжірибе, қорытынды аттестация және демалыс күндерінен тұрады.

15. Академиялық кезең дегеніміз – Абай атындағы ҚазҰПУ-де семестр түрінде бекітілген теориялық білім алу кезеңі.

16. Әр академиялық кезеңнен кейін аралық бақылау/қорытынды бақылаудың ұзақтығы кемінде 1 апта мерзімді құрайды.

17. Оқу жылындағы демалыс күндерінің ұзақтығы кем дегенде 5 аптадан тұрады.

18. Білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті: докторанттың ғылыми зерттеу (эксперименталды-тәжірибелік) жұмысынан, ғылыми шығарылымдардан (мақалалардан) және докторлық диссертациядан тұрады.

19. Философия докторларын (PhD) (бейін бойынша доктор) даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі өлшемі докторанттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлері мен есептегенде кемінде 180 академиялық кредиттерді игеруі болып табылады.

20. Докторантураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын игерген және «философия докторы» дәрежесін алу үшін жазылған докторлық диссертациясын сәтті қорғаған жағдайда, оқу мерзіміне қарамастан, ізденушіге қажетті дәрежесі беріледі.

21. Бейіндік докторантура бағдарламасын игерген докторант ғылыми жұмыспен айналысу және педагогикалық қызмет жасау үшін педагогикалық бейіндік циклын меңгерген және педагогикалық тәжірибеден өткен жағдайда ғана құқылы болады. Докторант бұл циклді қосымша семестрде (егер ЖОБ-пен қарастырылмаған жағдайда) игереді және цикл аяқталғаннан кейін негізгі дипломымен бірге қосымша циклды игергені туралы сертификат беріледі.

4. PhD докторантура білім беру бағдарламаларының мазмұны

22. Докторантураның білім беру бағдарламасына келесілерді жатқызамыз:

1) базалық және кәсіби пәндер циклын зерттеумен бірге теориялық білім беру;

2) докторанттарды практикалық тұрғыдан даярлау: кәсіби практиканың түрлері, ғылыми тағылымдамалар;

3) ғылыми зерттеулер (эксперименталдық зерттеулер), сонымен бірге докторлық диссертацияны орындау;

4) аралық және қорытынды бақылау.

23. Теориялық оқыту базалық және профильдік пәндер циклдерінен тұрады. Базалық пәндер мен бейіндеуші пәндер циклдері ЖОО және таңдау компоненттерінің пәндерін қамтиды.

24. Докторантураның білім беру бағдарламасының мазмұны кестеге сәйкес белгіленеді:

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		акад.сағат бойынша	акад.кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық компоненті	1350	45
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі 1) Академиялық хат 2) Ғылыми зерттеу әдістері		
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Педагогикалық практика	кемінде 300	кемінде 10
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі		
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Зерттеу практикасы	кемінде 300	кемінде 10
2	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ)	3690	123

1)	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы		
3	Оқытудың қосымша түрлері		
4	Қорытынды аттестаттау	360	12
1)	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	360	12
	Барлығы	кемінде 5400	кемінде 180

25. Таңдау компоненті бойынша пәндердің тізімі докторанттардың, жұмыс берушілер мен еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес Абай атындағы ҚазҰПУ-де дербес түрде анықталады.

26. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың докторантура мамандығы бойынша Ұлттық біліктілік көлемі, кәсіби стандарттарға сәйкес, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік көлемімен келісілген әртүрлі білім беру бағдарламалары дербес түрде әзірленеді.

27. PhD философия докторын даярлау бойынша білім беру бағдарламасы ғылыми және педагогикалық бағдарға ие, сонымен қатар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі мен ғылыми сала үшін ғылымның тиісті бағыттарына сәйкес пәндерді тереңдетіп оқыту, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

28. Докторант докторантурадағы оқудың барлық кезеңіне отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің көмегімен дайындалған докторанттың жеке жұмыс жоспарының негізінде білім алады, ол жұмыс жоспары келесі бөлімдерден тұрады:

- 1) жеке оқу жоспары;
- 2) ғылыми-зерттеу/эксперименталды-тәжірибелік зерттеулер (тақырып, зерттеу бағыттары, есеп беру формасы және мерзімі);
- 3) тәжірибе (бағдарлама, база, есеп беру формасы және мерзімі);
- 4) негіздемесі мен құрылымы бар диссертация тақырыбы;
- 5) диссертацияны орындау жоспары;
- 6) ғылыми жарияланымдар жоспары,
- 7) ғылыми тағылымдамалар жоспары (оның ішінде шетелдік).

29. Докторант өзінің жеке жоспарын білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде құрастырады. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 академиялық несиені (1800 академиялық сағат) құрайды. Бұл ретте бір семестр ішінде докторант 30 академиялық кредитті игереді (семестр ішінде академиялық кредиттердің аз немесе көп санын игеруге жол беріледі). Бір академиялық несие 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

30. Диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) – докторант дайындаған және бірінші немесе екінші оқу жылы ішінде жоғары оқу орны бекіткен, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдіснамасын, әдебиеттерге шолу жасауды және зерттеудің күтілетін нәтижелерін қамтитын құжат.

31. Докторанттардың оқу жетістіктері оқу үлгерімін ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаудың ережелерімен анықталатын бақылау мен аттестаттаудың түрлі формалары арқылы бағаланады. Білімді бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйеде жүргізіледі.

32. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін докторант жеке жұмыс жоспарын орындау тұрғысынан академиялық аттестаттаудан өтеді. Аттестаттау бітіруші кафедраның отырысында өтеді, онда есеп нәтижелері бойынша білім алушыны "аттестаттау" немесе "аттестаттамау" шешімі қабылданады. Аттестаттау кезінде төмендегі талаптар ескеріледі:

- теориялық оқытуды игеру;
- әр түрлі тәжірибелерден, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардан өту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау.

Жыл сайын білім алушылар 60 академиялық кредитті игеруі тиіс

- оқытудың бірінші жылы: 25 теориялық оқытудың академиялық кредиті, 35 ғылыми-зерттеу жұмысының академиялық кредиті;

- оқудың екінші жылы: 10 педагогикалық практика, 10 ғылыми-педагогикалық практика, 40 академиялық кредит ғылыми-зерттеу жұмысы (оның ішінде мақала жазуға 17 кредит);

- оқудың үшінші жылы: 48 академиялық кредит ғылыми-зерттеу жұмысы (оның ішінде мақала жазу мен жариялау 6 кредит), 12 академиялық кредит қорытынды аттестаттау.

60 академиялық кредитті игермеген докторант аттестатталмайды және келесі оқу жылына ауыстырылмай, қайта оқу курсына қалады. Қайта оқу курсына қалдырылған мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушы одан әрі оқу кезеңіне арналған мемлекеттік білім беру грантынан айырылады.

33. Докторанттарды қорытынды аттестаттау докторлық диссертацияны қорғау немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелер беру қағидаларында көзделген мақалалар сериясын жариялау нысанында жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттаудың мақсаты докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеу-талдау деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқару құзыреттерін, кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауға дайындығын және оның дайындығының докторантураның кәсіптік стандарты мен білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.

Қорытынды аттестаттауға жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған докторанттар жіберіледі.

Докторанттарды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін университет білім беру бағдарламалары және (немесе) даярлау бағыттары бойынша диссертациялық кеңес құрады, оның жұмыс тәртібі мен құрамын университет айқындайды.

34. Докторлық білім беру бағдарламалары философия докторларын (PhD) даярлаудың әлемдік білім бағдарламаларына сәйкес болуы міндетті.

5. Қызметкерлерге қойылатын талаптар

35. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың кадрларына қойылатын талаптар білім беру қызметін лицензиялау барысында көрсетілген біліктілік талаптары арқылы анықталады.

36. Философия докторларын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламалары Абай ат. ҚазҰПУ-дың қызметкерлері арасында "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл болатын жетекші ғалым (оқытушысы) жетекшілік ете алады:

- 8D05 "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", 8D06 "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" кадрлар даярлау бағыттары бойынша Web of Science Core Collection базасында JCR деректері бойынша 1, 2, 3-квартильдерге кіретін немесе Scopus базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала, немесе Хирш индексі 2 және одан көп;

- даярлаудың қалған бағыттары бойынша (8D01 Педагогикалық ғылымдары, 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар, 8D03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат кадрларды даярлау бағыттары) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген, бейін бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақалалардың және JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін жоғарыдағы талаптарды қанағаттандыратын шетелдік ғалымдар тартылады.

37. Оқытушы кадрлар оқытудың заманауи интерактивті әдістері мен технологияларын меңгеруі және оларды оқу үдерісінде пайдалануы тиіс.

38. Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылыми жетекшілік студі ректордың бұйрығымен ғылым докторлары, ғылым кандидаттары және философия докторы (PhD) ішінен тағайындалған кемінде 2 адам (оның біреуі шетелдік университеттің ғалымы) жетекшілік ететіндігі туралы ғылыми кеңестің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

6. Отандық және шетелдік кеңесшілерге қойылатын талаптар

Ғылыми кеңесшілер докторлық диссертацияның орындалуына, академиялық адалдық принциптерінің сақталуына және диссертациялық жұмыстың қорғауға уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Отандық ғылыми кеңесші:

39. Білім беру бағдарламасына және философия докторы (PhD) даярлау бейініне сәйкес келетін ғылыми бағыттағы жетекші ғалымдардың бірі болуы тиіс.

40. Докторанттың ғылыми зерттеулері саласындағы білім беру бағдарламасының (мамандық) бағытына сәйкес ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD) дәрежелері бар және ғылыми-педагогикалық өтілі 3 (үш) жылдан кем болмауы тиіс (ереженің 36-тармағына сәйкес).

41. Кандидаттық немесе докторлық диссертацияларға ғылыми жетекшілік етуде тәжірибесінің болуы.

42. Халықаралық ғылыми байланыстарының болуы және докторантқа бірге жетекшілік етуге шетелдік кеңесшінің келісімінің болуы.

43. Өзі жетекшілік еткен диссертациялық зерттеулердің нәтижелілігіне жауапты. (PhD) философия докторы дәрежесін алуға бағытталған диссертациялық жұмыстарға жетекшілік етуден босату немесе докторанттарының санын азайту төмендегідей жағдайларда орын алуы мүмкін:

- оның жетекшілігімен орындалған докторлық диссертацияға диссертациялық кеңестің теріс шешімі болғанда;

- оның жетекшілігімен орындалған бір немесе бірнеше докторлық диссертациялар тиісті мерзім ішінде дайын болмағанда.

44. 1 курс докторанттарына ғылыми жетекшілік ету сағат бойынша ақы төлеу негізінде жүзеге асырылады. Докторлық диссертацияға жетекшілікке жүктемені есептеуге кредиттер бойынша уақыт нормасы бір докторантқа жылына 45 академиялық сағат/3 академиялық кредитті құрайды. Ақы төлеу докторант пен отандық ғылыми кеңесшінің кафедра мәжілісінде берген есебі бекітілгеннен кейін, әр семестрдің немесе оқу жылының соңында жүзеге асырылады. 2-3 курс докторанттарына ғылыми жетекшілік ету оқытушының педагогикалық жүктемесіне кіреді.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

45. Білім беру бағдарламасына сай философия докторы (PhD) дәрежесі немесе нақты ғылым саласында бейіні бойынша доктор, Хирш индексі жоғары маман болуы керек.

46. Берілген білім саласы бойынша белсенді жұмыс атқаруы және PhD докторанттарға (докторанттардың диссертациялық жұмыстарына) жетекшілік етуде тәжірибесі болуы керек.

47. Соңғы 5 жыл көлемінде импакт-факторы жоғары рейтингке кіретін халықаралық ғылыми журналдарда докторанттың бағыт бейіні бойынша 5-тен кем емес жариялануы болуы керек.

48. QS рейтингісі бойынша ТОП-1000 жетекші ЖОО құрамына енетін және соңғы үлгідегі материалдық-техникалық базасы қалыптасқан, халықаралық ақпараттық желілерге, кітапхана қорларына, компьютер технологияларына, мәліметтердің, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің электрондық базасына шығу мүмкіндігі бар, сонымен қатар Абай атындағы ҚазҰПУ серіктесі болып табылатын шетелдік жетекші білім беру немесе ғылыми ұйымның өкілі болуы керек.

49. Ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру үшін шетелдік кеңесші Абай атындағы ҚазҰПУ-ға өзі жайында келесі құжаттардан тұратын толық мәліметтерді береді: келісім беру жайында мәлімдеме (№2 Қосымша), білімі,

ғылыми қызметі, жарияланымдар тізімі көрсетілген (№3,4 Қосымшалар) ақпараттардан тұратын берілген үлгідегі Түйіндеме.

50. Шетелдік ғылыми кеңесшілер мен лекторларды тарту үшін докторантураның білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын, оқытудың толық кезеңдерін қамтитын, аккредитациядан өткен шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) ғылыми ұйымдармен ғылыми тәжірибе алмасу жөнінде келісімшарт жасалады (шетелдік жоғары оқу орнының мамандықтың бейініне сай білім беру бағдарламаларының аккредитациядан өткені жайындағы куәліктің көшірмесі (докторантураға арналған).

7. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар

51. Таңдауға ұсынылатын ғылыми зерттеулердің тақырыптары мен ғылыми кеңесшілердің кандидатурасын кафедра алдын ала дайындайды.

52. Докторанттардың диссертациялық зерттеулерінің тақырыптары мен ғылыми кеңесшілері университет пен институттың ғылыми кеңесінде қаралады. Білім алушының ғылыми жетекшілері (кеңесшілері) докторантураға оқуға түскеннен кейін екі ай ішінде тағайындалады. Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. Докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестрде анықталып, ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі. Докторлық диссертация тақырыбына өзгерістер тек бірінші оқу жылының ішінде енгізуге рұқсат етіледі.

53. Диссертациялық зерттеудің бағыты ұлттық құндылықтармен немесе мемлекеттік бағдарламалармен, іргелі немесе қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларымен байланысты болуы керек.

54. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы:

1) Докторлық диссертация қорғалатын білім беру бағдарламасының (мамандықтың) негізгі мәселелеріне сәйкес келуі керек;

2) Өзекті, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы болуы керек;

3) Қазіргі заманғы ғылым мен практиканың теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі тиіс;

4) Теориялық және тәжірибелік сипаттағы маңызды мәселелердің шешімін қамтитын, жаңа теориялық білімдерден тұруы керек;

5) Ғылымның, техниканың және өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделуі, интеграцияланған, функционалдылық сипатындағы басқару мәселесіне арналған нақты практикалық ұсыныстарды тәуелсіз шешімдерді қамтуы тиіс;

6) Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеудің және интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістеріне негізделуі керек;

7) Ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолданып орындалуы керек;

8) Диссертацияның қорғауға ережелер бойынша эксперименттік зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) бөлімдердің болуы.

55. Негізгі ұйымдастырушы болып саналатын зерттеу жұмысы орындалған кафедрада ғылыми проблемалар мен ҒЗЖ нәтижелерін, ғылыми мақалалардың, докторанттар есебін талқылау үшін, докторанттардың

диссертациялық жұмыстарын апробациядан өткізу үшін, диссертациялық жұмыстарды талқылау мақсатында кафедраларда ғылыми семинарлар ұйымдастырылады. Кафедрадағы ғылыми семинарлар жұмысы айына 1 рет мәжіліс түрінде өткізіледі және ашықтықпен жүзеге асады, баяндама жасауға немесе тыңдаушы ретінде барлық тілек білдірушілер қатыса алады. Ғылыми семинар жұмысының мазмұны: жоғары импакт-факторлы журналдардағы жарияланымдардағы өзекті жаңалықтармен танысуға; докторлық диссертациялар тақырыптары бойынша өзекті мәселелерді талқылауға (соның ішінде шет тілінде); семинарға қатысушылардың зерттеу саласындағы алған негізгі нәтижелері мен ережелерін сыни талдауға және оларды бағалауға; зерттеу құралдарын талқылауға; ғылыми зерттеулер мен диссертациялық жұмыстардың аралық және қорытынды нәтижелерін талқылауға бағытталады.

56. Ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеушілік жұмыстарының нәтижесі бойынша докторанттың есебі дайындалады.

8. Практика мен ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыруға қойылатын талаптар

57. Докторантураның білім беру бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) философия докторы PhD бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған педагогикалық және зерттеу іс-тәжірибелері;

2) бейінді докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін өндірістік іс-тәжірибе.

Практика ғылыми, ғылыми педагогикалық және кәсіптік қызметтің практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

3) Ұзақтығы кемінде бір айды құрайтын шетелдік тағылымдама. Бұл үшін докторанттардың білім алу мерзімін толық қамтитын, мамандыққа (БББ) сәйкес келетін шетелдік ұйымдармен тағылымдамадан өтуге және практикаға база ретінде анықталған ұйымдармен кафедра келісімшарт жасайды.

58. Педагогикалық іс-тәжірибе оқытудың теориялық оқу кезеңінде оқу үдерісінен үзбей жүзеге асырылуы, сонымен қатар докторанттар бакалавриат пен магистратурада сабақ өткізуге тартылуы мүмкін.

59. Докторанттың зерттеу практикасы, отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеу мақсатында өткізіледі, сонымен қатар ғылыми зерттеулердің соңғы әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде эксперименттік мәліметтерді талдау мен түсіндіру, практикалық дағдыларды бекіту мақсатында өткізіледі.

60. Докторанттың өндірістік практикасы оқу үдерісінде алынған теориялық білімді бекіту және кәсіби деңгейін жетілдіру мақсатында өткізіледі.

61. Зерттеу және өндірістік практикалардың мазмұны докторлық диссертациялар тақырыбымен анықталады.

62. Ғылыми-зерттеушілік, эксперименттік-зерттеушілік жұмыстың нәтижесі өту кезеңінің соңында докторанттың қысқаша есебімен қорытындалады.

ДФЗЖ (ЭИРД) шеңберінде докторанттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялар және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және немесе тиісті салалардың қызмет салаларының

ұйымдарында, оның ішінде шетелде міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді.

Тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына, докторлық диссертация тақырыбына және шетелдік кеңесшінің жұмыс орнына сәйкес келеді.

Тағылымдама халықаралық рейтингтерде алғашқы 1000 позицияны немесе тиісті бағыт (by Subject) бойынша алғашқы 200 позицияны алатын жетекші шетелдік ғылыми ұйымдарда және ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

Тағылымдама бағдарламасы мен апталық жоспарын Абай атындағы ҚазҰПУ базасында тағылымдама өтетін ұйыммен бірлесіп бекітеді.

Тағылымдама бағдарламасы білім беру және ғылыми компоненттердің болуын қамтиды.

Тағылымдамадан өтуге зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала зерттеу нәтижелері және (немесе) жарияланымдары бар докторанттар жіберіледі.

Шет тілінде тағылымдамадан өткен жағдайда тіл білу туралы сертификаты болуы қажет:

- Ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP), шекті балл – 163 балдан кем емес,

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT), шекті балл – 60-тан кем емес,

- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл – 498-ден кем емес,

- Test of English as a Foreign Language Paper-delivered testing (TOEFL PDT), шекті балл – 65-тен кем емес,

- International English Language Tests System (IELTS), шекті балл – 6,0 кем емес;

- және/немесе неміс тілі Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/уровень C1), TestDaF-Prüfung (Niveau C1/ C1 деңгейі);

- және/немесе француз тілі: Test de Français International™ - (TFI) - оқу және тыңдау бөлімдерінде B1 деңгейінен төмен емес, Diplome d'Etudes en Langue française (DELF), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française (DALF), C1 деңгейі), Test de connaissance du français Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) - 50 балдан кем емес.

Тағылымдама нәтижелері университет кафедраларының ғылыми семинарында қарастырылады.

63. Шетелдік тағылымдамадан өту мерзімін Абай атындағы ҚазҰПУ өзі анықтайды. Шетелдік ғылыми тағылымдаманың ұзақтығы кемінде күнтізбелік 30 күнді құрайды құрайды.

64. Шетелдік тағылымдаманы ғылыми-зерттеу практикадан өту кестесіне енгізу үшін докторант базалық және кәсіби пәндерден тұратын теориялық білімді қамту керек және нақты ғылыми-зерттеушілік және эксперименттік-зерттеушілік дағдылары болуы керек.

65. Бірінші және екінші жартыжылдықта ғылыми-зерттеушілік тағылымдамадан өту кестесіне енгізу үшін PhD докторант өтінішті тағылымдама басталғанға дейін 3 (үш) ай бұрын беру керек.

66. Бұл тағылымдаманы ұйымдастыру үшін келу мерзімі көрсетілген шетелдік ғылыми жетекшінің шақыру-хатын алуы керек.

67. Ғылыми-зерттеушілік тағылымдамаға дейін 40 күнтізбелік күн бұрын докторант келесі құжаттарды өткізуі керек:

1) Абай атындағы ҚазҰПУ-дағы ғылыми жетекшінің, кафедра меңгерушісі және институт директорының қолы қойылған докторанттың ректордың атына жазылған өтініші;

2) қазақ немесе орыс тіліне аударылған шақыру-хаттың түпнұсқасының көшірмесі;

3) шетелдік ғылыми кеңесшімен жазбаша келісілген, үлгі бойынша толтырылған (№5 Қосымша) ғылыми тағылымдамадан өтудің жоспары;

4) үлгі бойынша толтырылған және кафедра мәжілісі мен ғылыми семинарда бекітілген (№1 Қосымша) докторантурадағы өткен оқу кезеңінде атқарылған жұмыстардың есебі;

68. Өтінішке қол қойылып, тағылымдама жоспары бекітілгеннен кейін докторант құжаттарын тексеру қағазына сәйкес өткізеді (№6 Қосымша).

69. Тағылымдама аяқталғаннан кейін 3 (үш) күн ішінде докторант ғылыми тағылымдамадан өткендігі жөнінде есебін тапсыруға міндетті (№7 Қосымша).

9. Докторантты қорытынды аттестациялау

70. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты докторанттың кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауының, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттілігінің, ғылыми-теоретикалық пен зерттеушілік-аналитикалық деңгейінің және оның дайындығының докторантураның жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының және білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.

71. Қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және "Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген дәрежелер беру қағидаларының 5-1-тармағында қойылатын талаптар белгіленген диссертациялық жұмыс немесе мақалалар сериясы нысанында өткізіледі.

72. Білім беру үдерісінің аяқталуының негізгі критерийі болып докторанттардың оқытудың міндетті теориялық курсы мен меңгеруі және ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуы болып табылады.

73. Докторлық диссертация Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы және Абай атындағы ҚазҰПУ («Шапағат» орталығы) жүзеге асыратын басқа авторлардың мәтінін пайдалануын анықтау мәніне тексеруден өтеді.

74. Диссертация қорғау білім беру бағдарламалары бойынша құрылған Диссертациялық кеңестерде белгіленген тәртіп бойынша тиісті нормативті құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

10. Диссертацияға қойылатын талаптар

75. Диссертация келесі формалардың бірінде ұсынылады:

1) диссертациялық жұмыс түрінде;

2) диссертация мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірінен Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және / немесе екінші квартилдерінде жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу немесе үш мақала сериясы түрінде. Мақалалардың бірінде докторант бірінші автор немесе автор корреспондент болуы керек.

Осы тармақтың талаптары орындалған жағдайда 92-тармақтың талаптары докторант үшін қолданылмайды.

PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалатын диссертациясы – отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің жетекшілігімен докторанттың өз бетінше дайындалатын ғылыми-біліктілік жұмысы.

76. Диссертация өзі жазу, ішкі бірлік, ғылыми жаңашылдық, дәйектілік, практикалық құндылық пен академиялық адалдық принциптері сақтала отырып орындалады.

Өзі жазу принципі диссертацияны докторанттың өзі жазуын және диссертация авторының ғылымға, техника мен технологиялардың дамуына қосқан жеке үлесін танытады.

Ішкі бірлік принципі диссертацияның ішкі бірлігінің болуын, диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде өзара байланысты болуын; ғылыми ережелер, алынған нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес болуын танытады. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланады.

Ғылыми жаңашылдық принципі диссертацияның ғылыми нәтижелері, ережелері, ұсынымдары мен қорытындыларының жаңа болуын білдіреді және диссертация:

жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде белгіленген немесе нақты ғылыми бағыттардың дамуы үшін аса маңызды жаңа ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді;

не енуі ел экономикасын дамытуға маңызды үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін қамтиды.

Дәйектілік принципі диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану (егер қолданылса) арқылы ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғанын білдіреді; жаратылыстану, техникалық мамандықтары бойынша орындалған диссертациялар үшін теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденеді және расталады; "Білім беру" тобының мамандықтары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент (егер қолданылса) негізінде дәлелденеді.

Диссертацияның **практикалық құндылық принципі** қолданбалы мәні бар диссертацияда авторлық куәліктермен, патенттермен, зияткерлік меншік куәліктерімен, өндіріске ену актілерімен және басқа да ресми құжаттармен расталған автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің практикада қолданылуы туралы мәліметтер, ал теориялық мәнге ие диссертацияда ғылыми тұжырымдарды пайдалану жөнінде ұсынымдар келтірілетінін білдіреді.

Академиялық адалдық принципі диссертация авторының басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауын және:

мәтінді, идеяларды, гипотезаларды, қорытындыларды, әдістерді, зерттеу нәтижелерін, кестелерді, кодтарды, суреттерді немесе басқа авторлардың жұмыстарын авторына және мәтінді пайдалану дереккөзіне сілтеме жасамай пайдалану және (немесе) иелену, сондай-ақ басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны өзгертусіз сөздерді және пікірлерді синонимдік ауыстырумен басқа авторлардың мәтінін пайдалану (плагиат);

өзінің материалын, нақты және сандық деректерді өзіне және (немесе) өзінің дереккөзіне сілтеме жасамай пайдалану (автоплагиат);

жоқ дереккөздерге сілтеме жасау, дәйексіз деректерді және (немесе) нәтижелерді, жазуларды немесе олар туралы хабарламаларды ұсыну (фабрикация);

нәтижесінде диссертациядағы зерттеу материалдары бұрмаланатын зерттеу материалдарын, жабдықтарды, суреттер мен иллюстрацияларды немесе процестерді манипуляциялау (фальсификация) фактілерінің болмауын білдіреді.

Нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттар атауларының, мемлекеттік және өзге ресми органдар мен ұйымдар атауларының, тиісті ғылым саласында жалпы қабылданған терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың, нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің, зерттелетін шығармалар мәтіндерінің сәйкес келуі егер оларды пайдаланудың көлемі және сипаты орындалған диссертацияның дербестігіне күмән тудырмаған кезде плагиат болып саналмайды. Плагиатты табу мүмкіндігін азайту немесе жою мақсатында техникалық құралдар мен әдістерді қолдануға да жол берілмейді.

77. Диссертациялық жұмыс маңызды ғылыми міндетті шешетін немесе тәжірибенің қажеттіліктерімен анықталатын жаңа өзекті және ғылыми негізделген нәтижелерді қамтуы тиіс. Докторанттың ғылыми жұмысы ішкі тұтастыққа ие болуы және автордың ғылымға қосқан жеке үлесін көрсетуі тиіс. Автор ұсынған жаңа мәселелер белгілі шешімдермен салыстырғанда қатаң дәлелденген және сыни бағалануы тиіс.

78. Қолданбалы немесе теориялық мәні бар диссертациялар, алынған ғылыми нәтижелерді тәжірибелік қолдану туралы құжаттық растаулар мен ғылыми қорытындыларды пайдалану туралы ұсыныстармен толықтырылуы тиіс.

79. Диссертацияның негізгі нәтижелері ғылыми, ғылыми-тандамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда осы Ереженің 92-тармақшасына сәйкес жариялануы тиіс.

80. Шетелдік ғылыми тағылымдамалардың нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда апробациялаудан өтуі тиіс. Оған қоса жарияланымдар диссертацияның қорғауына ұсынылатын негізгі мәселелерді қамтуы тиіс.

81. Диссертацияда:

1) бастапқы толық деректерді көрсете отырып, цитата алынған материалдардың немесе жекелеген нәтижелердің көздеріне;

2) докторанттың дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп алынған әзірлемелерге арналған қорғау құжаттарына;

3) докторанттың дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп орындалған диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жұмыстарына сілтеме жасалады.

Диссертацияда плагиат анықталған жағдайда, диссертациялық кеңес қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

11. Диссертация сараптамасы

82. Диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңес комиссиясының сараптамасынан өтуі тиіс.

83. Диссертациялық кеңес комиссиясы Web of Science немесе Scopus ақпараттық базаларға кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдары, патенттері, авторлық куәліктері, FЖБССҚК тізіміне кіретін басылымдарда 10-нан кем емес жарияланымды, шығармашылық еңбектері және Хирш индексі бар кем дегенде 3 маманнан тұруы тиіс.

84. Диссертациялық кеңес Комиссиясына ұсынылады:

1) аяқталған, түптелген диссертациялық жұмыс – 3 дана;

2) диссертацияның тақырыбын бекіту туралы құжат көшірмесі;

3) транскрипт;

4) диссертациялық жұмыстың аннотациясы;

5) ғылыми жарияланымдардың куәландырылған тізімі және бекітілген тәртіпке сай көшірмелері.

85. ҰМҒТСО анықтамасында, ресми және ЖОО-ның интернет-көзіндегі бейресми пікірлерінде көрсетілген плагиат фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңес Комиссиясы диссертацияны плагиат бойынша тексерістен өткізеді. Тексеріс нәтижелері бойынша қорытынды диссертациялық кеңеске диссертацияның қорғалуына дейін 8 жұмыс күні қалған кезге дейін ұсынылуы тиіс.

86. Диссертациялық кеңес Комиссияның қорытындысын негізге ала отырып (қорғауға дейін 7 жұмыс күнінен кеш емес) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан шеттетеді. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 жұмыс күнінде хабарлап, тиісті ақпарат ЖОО-ның интернет-көзінде жарияланады (мемлекеттік құпия және қызметтік пайдалануға арналған мәліметтері бар диссертациялардан басқа).

Докторант диссертациясын қорғауға дейін 7 жұмыс күн бұрын қорғаудан алуға мүмкіндігі бар.

87. Қорытындыға диссертациялық кеңестің төрағасы және Комиссия мүшелері қол қояды (9 қосымша).

88. Диссертациялық кеңес Комиссиясының қорытындысын негізге ала отырып, диссертациялық кеңес төменде көрсетілген осы Ережелердің «Диссертацияны қорғау» бөлімінің 95 пунктінде көрсетілген тізімдегі құжаттар түгел болған жағдайда диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдайды.

12. Диссертацияның қорғалуы

89. Кафедраның және (немесе) ЖОО-ның құрылымдық бөлімінің кеңейтілген мәжілісі докторант білім алған ЖОО-нда өткізіледі.

Докторантураның білім бағдарламаларын толықтай меңгерген докторанттар диссертациясын және ғылыми кеңесшілерінің пікірлерін кафедраға ұсынады. Кафедраның кеңейтілген мәжілісін өткізуге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі бар (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD)) 2 маманға жіберіледі.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ ЖОО-ның аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

Егер диссертация Дәрежелер беру қағидаларының 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе, диссертация қорғауға жіберілмейді.

Қорғауға ұсынылған диссертацияға берілген ескертулерді, докторант диссертациялық кеңеске тапсырғанға дейін жою қажет.

Докторант кеңейтілген кафедра талқылауынан 2 (екі) рет өтуге рұқсат етіледі. Алдағы кеңейтілген отырыс туралы хабарлама оның өткізілуінен 10 күн бұрын университеттің интернет-ресурстарында орналастырылады.

Отырыста ғылыми кеңесшілер болмаған жағдайда, докторанттың диссертациясы бойынша пікірін кафедра меңгерушісі, құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оның орынбасары оқиды.

Диссертацияны қорғауға жіберу немесе жібермеу туралы қорытынды кафедраның кеңейтілген мәжілісі хаттамасынан көшірме түрінде әзірленіп, құжатқа мәжіліс төрағасы мен хатшысы қол қойып, расталып және жетекші проректормен бекітіледі.

Кафедраның кеңейтілген мәжілісінде оң қорытынды алған докторант ректор атына қорғайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін таңдайтын болса, онда 10 (он) жұмыс күні ішінде докторанттың құжаттары таңдалған диссертациялық кеңеске жіберіледі.

90. Докторантураның білім беру бағдарламаларын толық меңгерген, диссертациялық жұмыстары аяқталған немесе дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сәйкес орындалған мақалалар сериясын (топтамасын) ұсынған докторанттардың диссертациялық жұмыстары қорғауға жіберіледі.

91. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда қорғауға ұсынылатын мақалалар бір докторантқа есептеледі. Мақалалар түпнұсқалық ғылыми нәтижелерді қамтуы және диссертациялық зерттеудің бекітілген тақырыбы бойынша жариялануы тиіс.

92. Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғалғанға дейін Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне

(бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журнал Journal Citation Reports (бұдан әрі- JCR) деректері бойынша импакт-факторға ие және Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері), Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index деректер базасында индекстеледі немесе диссертацияның мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus деректер базасында CiteScore бойынша белгілі бір процентильге ие.

Қорғауға жіберу үшін жарияланымдар бойынша талаптар:

1) JCR деректері бойынша импакт-факторы бар және Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері), Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index деректер базасында индекстелетін) немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолуы және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 (үш) мақала;

2) не Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері), Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index деректер базасында индекстелетін және JCR деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша алғашқы үш квантильге кіретін немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 2 (екі) мақала немесе 1 (бір) мақала және 1 (бір) шолу;

3) не Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer баспаларында (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings немесе Academic Ranking of World Universities немесе Times Higher Education World University топ-100 рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монографияда тараудың болуы (докторантқа кемінде 1 баспа табақ тиесілі).

4) не JCR деректері бойынша импакт-факторы бар алғашқы екі квантильге кіретін немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article) және JCR деректері бойынша импакт-факторға ие және Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми конференция материалдарында 1 (бір) мақала (Conference paper);

Бұл ретте, 8D01 Педагогикалық ғылымдар және 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар дайындық салаларының "8D017 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау", "8D016 – Тарих педагогтерін даярлау" және "8D060 – Филология", "8D050 – Философия және этика" және "8D053 – Тарих" білім беру бағдарламалары топтарының (бұдан әрі – ББТ) қазақ тілі мен әдебиетіне, қазақ филологиясына, Қазақстан тарихына, қазақ философиясына

қатысты білім беру бағдарламалары бойынша қорғауға жіберу үшін келесі жарияланымдар талап етіледі:

1) Arts and Humanities Citation Index бөлімі бойынша Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 (үш) мақала;

2) не Басылымдар тізбесіндегі журналдарда кемінде 5 (бес) мақала, олардың бірі ағылшын тілінде және халықаралық ғылыми конференцияларда ауызша немесе стендтік баяндамамен 2 (екі) сөз сөйлеу.

JCR деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші квартильге кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы, конференция жинақтарындағы жарияланымдар диссертацияның мазмұнына және аталған базаларда мәлімделген журнал мен конференцияның тақырыптық бағытына сәйкес келеді, журналдың ресми сайтында, ағымдағы нөмірлерінде жарияланады және Article (мақала), Review (шолу) немесе Article in Press (басылымдағы мақала), Conference Paper, Proceedings типіне ие. Пәнаралық бағыты бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялауға рұқсат етіледі (Multidisciplinary, Interdisciplinary, General, Miscellaneous).

Web of Science базасындағы журналдың квартилі және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша процентиль жарияланған жыл не жарияланған жылдың алдындағы жыл үшін не диссертацияны қорғау сәтінде ескеріледі.

93. Ереженің 92-тармағы 2024 жылдың 28 шілдесінен бастап қолданысқа енеді. Докторанттардың жарияланымдарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріндегі қойылатын нормативтік талаптар өзгерген жағдайда осы ереженің 92-тармағына өзгерістер енгізіледі, сонымен қатар философия докторы (PhD) диссертациясының негізгі ғылыми нәтижелері баяндалған жарияланымдар ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптардан төмен болмауы тиіс.

94. Университет диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге қойылатын талаптарды, оның ішінде диссертациялық жұмыстарда пайдаланылатын халықаралық дәйексөз алу стильдерін (Harvard style), APA (American Psychological Association) Style (APA стилі), MLA (Modern Language Association) Style (MLA стилі), Chicago Style (Chicago стилі), ACS (American Chemical Society) Style (ACS стилі) немесе дайындық бағытына байланысты басқа да) дербес белгілейді.

95. Диссертациялық кеңесте алдын ала қарау және одан әрі қорғау үшін докторант оқыған жоғары оқу орнының бланкісіндегі ілеспе хат және келесі құжаттар пакеті негіз болады:

1) диссертациялық кеңес төрағасының атына қорғауға қабылдау туралы өтініш;

2) берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертация (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалған болса);

3) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

4) диссертациялық кеңеске өтініш бергенге дейін докторантқа берілген сипаттама. Қолы елтаңбалы мөрмен бекітіледі;

5) кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

6) оқыған ЖОО-ның кадр қызметі растаған жеке іс парағы;

7) тақырыпты және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы хаттаманың көшірмесі;

8) Диссертацияның үш тілдегі (мемлекеттік, орыс, ағылшын) жалпы көлемі 15 беттен кем емес аннотациясы (2 (екі) данадан);

9) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері (докторант оқыған университеттің немесе факультеттің ғалым хатшысы мақұлдаған);

10) диссертациялық кеңеске өтініш бергенге дейін нотариалды расталған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың және олардың қосымшаларының көшірмелері (транскрипт көшірмесі);

11) докторантураның кәсіби оқу бағдарламасын игергені туралы транскрипттің көшірмесі;

12) 2 (екі) ресми рецензенттің пікірлері;

13) диссертациялық кеңес жұмыс істейтін ЖОО-ның кітапханасына диссертациялық жұмысты тапсыру туралы анықтама.

14) Докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Құжаттарды қабылдауды диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы жүзеге асырады, 2 (екі) жұмыс күні ішінде тіркейді және диссертациялық кеңеске ұсынады.

96. Диссертациялық Кеңестің бір отырысында 2 диссертация қорғалуы мүмкін.

97. Бұл ретте докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

98. Диссертациялық кеңес ресми рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады.

Рецензенттер ретінде белгіленбейді:

1) Комитет қызметкерлері;

2) докторантпен диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар бойынша бірлескен авторлар;

3) диссертациялық жұмыс орындалған және/немесе докторант тапсырыс берген ЖОО құрылымдық бөлімдері мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлері ресми рецензент бола алмайды.

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

99. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы университеттің интернет-көздерінде келесі ақпаратты жариялайды:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен кем емес қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын).

мекен-жайы, мерзімі және уақыты көрсетілген өткізгелі тұрған қорғау туралы хабарлама (бекітілген қорғау мерзімінен 1 (бір) ай бұрын);

4) ғылыми кеңесшілердің қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) ресми рецензенттердің қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері 10-қосымша (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

6) Докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы ережеге 11-қосымшаға сәйкес).

7) қорғаудың толық көлемді монтажсыз видеожазбасы (қорғаудан кейін 5 жұмыс күні ішінде орналастырып және қорғаудан кейін кем дегенде 5 (бес) жыл бойы қолжетімді болады);

8) қорғаудың өзгертілген мерзімі, уақыты, мекен жайы және өзгерген рецензенттер туралы хабарлама (болған жағдайда);

9) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

10) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

Диссертацияны ЖОО интернет-көздерінде жариялауда диссертация материалдарын көшіру және пайдаланудан қорғау технологияларын пайдалану арқылы авторлық құқық қамтамасыз етіледі. Диссертацияның интернет-көздерінде жарияланғаннан кейін диссертация мәтініне өзгеріс енгізілмейді.

Интернет-көзінде диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыруға болады, бұл пікірлер қорғау кезінде ұсынылады. Авторы белгісіз және автордың электронды адресі жоқ бейресми пікірлер қорғауға ұсынылмайды.

Диссертацияның қағаз және электронды тасығыштағы нұсқалары Абай атындағы ҚазҰПУ кітапханасына өткізіледі. Қорғаудан соң 7 жұмыс күні ішінде электронды тасығыштағы диссертация даналары Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына диссертациялық кеңестің ғалым хатшысымен өткізіледі.

100. Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерін ұсынады (4-қосымша).

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) дәрежесін беру;

2) егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе және (немесе) онда түзетуді талап ететін ескертулер болса диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;

3) егер академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген болса философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

101. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы диссертациясы қарастырылатын докторанттың ғылыми кеңесшілері болған жағдайда, диссертациялық кеңес жұмысында қызметтерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеті төраға орынбасарына жүктеледі, төраға орынбасары және ғалым хатшының міндеті диссертациялық кеңес шешімімен кеңес мүшелеріне жүктеледі.

Диссертациялық кеңес төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы бір уақытта қатыспаған жағдайда кеңес мәжілісі өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертацияның қорғауын толық көлемінде бейнежазбамен қатамасыз етеді, монтаж жасауға жол берілмейді.

102. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде: отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы; интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне - және аудио трансляциясы; отырыстың бейне - және аудиожазбасы; диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

103. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

- 1) (PhD) философия докторы дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);
- 3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;
- 4) (PhD) философия докторы дәрежесін беруден бас тарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

104. Докторанттың ғылыми кеңесшілері, тікелей басшысы немесе жақын туысқандары болып есептелінетін диссертациялық кеңес мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның

осы Үлгі ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы ереженің 102 - тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

105. Теріс шешім қабылданған жағдайда, диссертациялық кеңес диссертация Ереженің қандай талаптарына сәйкестенбейтіні жөнінде қорытынды жасайды. Диссертациялық кеңестің философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту қорытындысы университеттің интернет-көзінде жарияланады.

106. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант еркін формада, шешім қабылданған күннен бастап 2 айдың ішінде беруіне болады. Аталған мерзім өткен соң апелляция қабылданбайды. Апелляция беру күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде университет ректоры бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады (ары қарай - комиссия). Комиссия құрамына мамандыққа сай ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) дәрежесі бар 3 маман кіреді. Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңес мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды.

107. Комиссия өз қызметінде Диссертациялық кеңес туралы Ереже мен Дәреже беру қағидаларын негізге алады. Комиссия апелляциялық өтініш, диссертация, диссертация қорғау бойынша диссертациялық кеңес материалдарын қарастырып, апелляция қорытындысының шешімін құрылған күннен бастап 30 күнтізбелік күнде дайындайды. Апелляциялық комиссия қорытындысы ашық дауыс беру негізінде көпшілік дауыспен қабылданып, комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылып, өтініш берушіге шешім қабылданған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде хабарланады. Апелляциялық комиссияның шешімі

оның қабылдануынан бастап 5 жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланып, университеттің интернет-ресурсына жарияланады.

Жұмысын апелляциялық комиссиясы қабылдамаған докторант бір жылдан кейін қайта қорғау құқығына ие болады.

108. Диссертацияны қорғау бойынша оң шешім қабылданған кезде кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін келесі құжаттардың тізімі бойынша құрастырады:

- 1) докторанттың аттестациялық ісі құжаттарының тізімі;
- 2) қатты мұқаба және электронды тасығыштағы (CD дискі) диссертация;
- 3) докторант білім алған ЖОО немесе факультетінің ғалым хатшысы бекіткен ғылыми еңбектерінің тізімі және диссертацияның тақырыбына сәйкес жарияланымдардың көшірмелері;
- 4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) диссертацияның үлгі (12-қосымша) бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі тіркеу-есептік карточкасы;
- 6) докторанттың авторға және дереккөзге сілтеме жасамай материалды пайдалануы бойынша ҰМҒТСО тексерісінің анықтамасы;
- 7) ғылыми кеңесшілерінің пікірлері (13 қосымша);
- 8) 2 ресми рецензенттің жұмыс орнынан куәландарылған пікірлері (13 қосымша).
- 9) үлгі бойынша (14 қосымша) диссертациялық кеңес мүшелерінің қатысу парағы;
- 10) төраға және ғалым хатшының қолы қойылған диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңес мәжілісінің хаттамасы және видеожазба;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім дипломдары мен қосымшаларының көшірмелері (докторант фамилиясын ауыстырған жағдайда, фамилиясы ауыстырылғанын куәландыратын құжат);
- 12) докторантураның кәсіби оқу бағдарламасын меңгергені туралы транскрипт көшірмесі;
- 13) диссертациялық кеңеске өтініш беруге дейінгі мерзімде нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 14) докторант білім алған ЖОО кадр бөлімі куәландырған жеке парағы;
- 15) диссертациялық кеңес төрағасының бұрыштамасы бар қорғауға қабылдау туралы докторант өтініші;
- 16) диссертация орындалған кафедраның кеңейтілген мәжілісінің оң қорытындысы мен қорғауға ұсынысы бар хаттамасы;
- 17) диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы;
- 18) диссертация көшірмесінің кітапхана қорына өткізілгені туралы кітапхана анықтамалары;
- 19) диссертациялық кеңеске қорғауға жіберу туралы ілеспе хат (басқа ЖОО докторанттары үшін);
- 20) диссертация тақырыбы және ғылыми кеңесшілерді бекіту, қорғауға жіберу туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 21) есеп комиссиясы мәжілісінің хаттамасы (15 қосымша) және бюллетень;
- 22) үлгі бойынша (16 қосымша) докторант туралы мәлімет;
- 23) үлгі бойынша докторант туралы ақпарат (18 қосымша)

- 24) докторанттың плагиатқа тексерілгені туралы ҚазҰПУ-дың анықтамасы;
- 25) философия докторы (PhD) дипломының көшірмесі;
- 26) этикалық кеңес (комиссия) қорытындысы.

13. Диссертацияны рәсімдеу талаптары

109. Диссертация қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде ұсынылады. Диссертацияның рәсімделуі ҰМҒТСО-ның талаптарына сәйкес болуы тиіс.

110. Диссертация көлемі 150 беттен аспауы тиіс. Қосымша, түйіндемелер, жарияланған жұмыстардың тізімі диссертация көлеміне енгізілмейді.

111. Диссертация кітапша түрінде шығарылады.

112. Диссертацияның мәтіні А4 форматындағы ақ қағаздың бір бетінде, бір интервалдан кейін, қаріп – кәдімгі, кегль – 14, жиегінің өлшемі: оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, сол жағы – 30 мм, төменгі жағы – 20 мм басылады.

113. Диссертацияның таралымын докторант анықтайды, ол ұсыну үшін жеткілікті болуы тиіс:

- пікір берушілерге – 2 дана;
- диссертациялық кеңес комиссиясына – 3 дана;
- ғылыми жетекшіге және шетелдік кеңесшіге – 2 дана;
- кафедраға – 1 дана;
- Абай атындағы ҚазҰПУ кітапханасына – 1 дана.

114. Диссертацияның құрылымдық элементтері:

- негізгі бет;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер
- анықтамалар;
- белгілер мен қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттердің тізімі;
- қосымшалар.

қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аннотация;

диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстардың тізімі.

115. ҰМҒТСО-ға микрофильмдеуге жіберілетін диссертацияның данасы түптелмейді. Мәтін беттері мен иллюстрациялар А4 форматына сәйкес болуы тиіс. Мәтін ақ қағаз парағының бір жағында компьютерді пайдалана отырып, бір интервалдан кейін, қаріп-Times New Roman, кегль – 14, жиектерінің өлшемдері: оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, сол жағы – 30 мм, төменгі жағы – 20 мм (17-қосымша) басылады.

14. Докторлық диссертацияның аннотациясы туралы

116. Докторлық диссертацияның мазмұны бойынша аннотация қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде **15 беттен** кем емес көлемде жазылады.

117. Аннотация Абай атындағы ҚазҰПУ сайтында орналастырылады.

118. **Аннотацияда** келесі мәліметтер болуы тиіс:

- зерттеудің тақырыбы;
- мақсаты;
- зерттеу міндеттері;
- зерттеу әдістері;
- негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар);
- зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы;
- алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздемесі;
- ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі;
- докторанттың әрбір жарияланымдарды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы.

15. Ерекше талаптар

119. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толық меңгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және келесі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

120. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толық меңгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертация (жоба) қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертациясын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары кемінде 12 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі (МЖБС «Докторантура» бөлімінің 110-тармағы).

Докторанттың семестр нәтижелері бойынша аттестациялық есебі

Докторант

_____ (докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)

Білім беру
бағдарламасы _____

Ғылыми
кеңесші _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, кафедра)

Шетелдік ғылыми кеңесші

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, университет, мемлекет)

1. Оқу жұмысы

Тәжірибені қоса алғанда, өткен пәндерді атауы (курстың толық атауы, кредит саны, профессор т. а. э.), қандай нәтижеге қол жеткізілгендігін көрсету.

2. Ғылыми-зерттеу жұмысы

Осы бөлімде көрсетілуі тиіс:

- мәселенің өзектілігі мен тәжірибелік маңыздылығы;
- докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының мәні, әдістемесі және негізгі нәтижелері;
- докторанттың алдына қойылған ғылыми есептің қазіргі жағдайын бағалау;
- тақырыпты әзірлеу үшін негізгі және бастапқы деректер;
- зерттеу әдістері;
- қорытынды және зерттеу нәтижелерін бағалау;
- алынған нәтижелерді ұқсас зерттеулер мәліметтерімен салыстыру.

3. Ғылыми семинарларға, конференцияларға қатысу (ғылыми басылымдарда жарияланымдар)

Күні « ____ » _____ 20__ ж.

Докторанттың қолы _____

Ғылыми кеңесшінің қолы _____

Кафедра меңгерушісінің қолы _____

Факультет деканының қолы _____

2 - Қосымша

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры

ӨТІНІШ

Мен диссертациялық жұмыс бойынша _____ PhD ғылыми
кеңесші болуға келісемін «_____»
_____»

(PhD докторанттың аты-жөні, диссертация тақырыбы)

Қолы

To the rector of the
Abai university. from

The statement

I agree to be the scientific adviser of the Ph.D. student _____ on
the dissertational work _____

The signature

ҒЫЛЫМИ кеңесшінің түйіндемесі (өмірбаяны) / Curriculum Vitae

Тегі, Аты, Әкесінің аты/ First Name, Last Name, Surname:

Туған күні/ Date of birth:

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (титул) / Title:

Ағымдағы жұмыс беруші (жұмыс орны)/ Current Employer:

Жұмыс мекен жайы / Business Address:

Телефон / Phone:

Факс / Fax:

E-mail / E-mail:

Сайт / Web:

**ҒЫЛЫМИ кеңесшінің білімі және ғылыми қызметі туралы ақпарат/
Education and Degrees Held**

Кәсіби мансап (қазіргі уақытқа дейін) / Professional career (to Present):

Ғылыми қызығушылықтар / Research Interest:

Ғылыми гранттар / Research Grants:

Жарияланымдар (толық сан) / Publications (The total number):

Оқыту тәжірибесі / Teaching experience:

Кәсіби белсенділік / Professional Activities:

Университет бойынша белсенділік / University Activities:

Сыртқы белсенділік / External Activities:

Марапаттар / Awards:

Басқа мүдделер / Other interests:

Ғылыми кеңесшінің жарияланымдары/ Publications:

Журналдарда / Journal paper:

Конференция материалдары / Conference Proceedings:

Кітаптар / Books:

Дәйексөз мақалалармен тараулар / Referred Articles and Chapters:

Баспадағы мақалалар / Papers in Progress:

Басқа басылымдар / Other Publications:

Аударымдар / Translations:

Докторанттың шетелдік тағылымдама бағдарламасы мен апталық жоспары

Докторант _____
(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)

Білім беру бағдарламасы _____
Ғылыми кеңесші _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, кафедра)

Шетелдік ғылыми кеңесші _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, университет, мемлекет)

Тағылымдамадан өту орны _____
(университет, мемлекет)

Зерттеу тақырыбы _____
Тағылымдама мерзімі « ____ » бастап _____ « ____ » дейін

_____ 20__ ж.

Күн саны _____ сағат саны _____ кредиттер саны _____

1. Оқу жұмысы

Дәріс, практикалық және зертханалық курстар (пән кодын, курстың толық атауын, кредит санын, профессор т. а. ә. көрсету).

2. Ғылыми-зерттеу жұмысы

Осы бөлімде көрсетілуі тиіс:

- мәселенің өзектілігі мен практикалық маңыздылығы;
- докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының мәні, әдістемесі және негізгі нәтижелері;
- докторант алдына қойылған ғылыми есептің қазіргі жағдайын бағалау;
- тақырыпты әзірлеу үшін негізгі және бастапқы деректер;
- зерттеу әдістері;
- қорытынды және зерттеу нәтижелерін бағалау;
- алынған нәтижелерді ұқсас зерттеулер мәліметтерімен салыстыру.

3. Ғылыми семинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, ғылыми басылымдарда жарияланымдарға қатысу _____

4. Қосымша жұмыс түрлері _____

5. Білім алушының ғылыми тағылымдаманың нәтижелігі мен тиімділігі туралы пікірі _____

Күні « ____ » _____ 20__ ж.

Докторанттың қолы _____

Ғылыми кеңесшінің қолы _____

Кафедра меңгерушісі мен институт директорының визасы.

Докторанттың ғылыми тағылымдамадан өту үшін берілетін құжаттардың
ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

(Т.А.Ә.)

тақырыбына

бағыты бойынша _____

- Ректордың атына жазылған докторанттың өтініші (Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ғылыми кеңесшінің, кафедраның меңгерушісі мен институт директорының қолы (виза) қойылған);
- түпнұсқа көшірмесімен шақыру-хатты аудару;
- кафедра меңгерушісі мен институт директорының қолы (виза) қойылған ғылыми кеңесшінің ұсынысы;
- авиабилеттерді брондау туралы растау;
- виза ресімдеу;
- медициналық сақтандыруды ресімдеу;
- елшілікке ресми хат (нысан бойынша);
- докторантурада оқу кезеңінде атқарылған жұмыс туралы есеп (нысан бойынша);
- баспа бедері бар жарияланымдардың тізімі.

(докторанттың қолы, күні)

Докторанттың шетелдегі ғылыми тағылымдамадан өткені туралы
ЕСЕБІ

Докторант _____
(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)

Білім беру
бағдарламасы _____

Ғылыми кеңесші _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, кафедра)
Шетелдік ғылыми кеңесші

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, университет, мемлекет)

1. Оқу жұмысы

Тәжірибені қоса алғанда, өткен пәндерді атау (курстың толық атауы, кредит саны, профессор т. а. э.), қандай нәтижеге қол жеткізілгендігін көрсету.

2. Ғылыми-зерттеу жұмысы

Осы бөлімде көрсетілуі тиіс:

- мәселенің өзектілігі мен практикалық маңыздылығы;
- докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының мәні, әдістемесі және негізгі нәтижелері;
- докторант алдына қойылған ғылыми есептің қазіргі жағдайын бағалау;
- тақырыпты әзірлеу үшін негізгі және бастапқы деректер;
- зерттеу әдістері;
- қорытынды және зерттеу нәтижелерін бағалау;
- алынған нәтижелерді ұқсас зерттеулер мәліметтерімен салыстыру.

3. Ғылыми семинарларға, конференцияларға, ғылыми басылымдарда жарияланымдарға қатысу.

Күні « ____ » _____ 20__ ж.

Докторанттың қолы _____

Ғылыми кеңесшінің қолы _____

Қорытынды

Диссертациялық жұмысқа

Диссертациялық кеңестің комиссиялары _____

(Докторанттың аты -жөні)

_____ (диссертацияның тақырыбы)

философия докторы «**дәрежесін алуға ұсынылған**»

_____ (PhD) саласындағы

_____ (ғылым саласы)

_____ мамандығы бойынша

_____ (білім беру бағдарламасының шифры мен атауы)

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі.
2. Нәтижелердің негізділік және нақтылық дәрежесі.
3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы.
4. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер.
5. Диссертацияның ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкестігі біліктілік жұмысы.
6. Диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыну (немесе қабылдамау).

ҚБК төрағасы: _____

(қолы)

ҚБК мүшелері: _____

(қолы)ТАӘ

Диссертацияның жіктемелік белгілері

8.1 Диссертация нәтижелерінің сипаты

8.1.1 Теориялық ережелер, олардың жиынтығын тиісті ғылыми бағыт бойынша жаңа ірі жетістік ретінде саралауға жатады.

8.1.2 Маңызды әлеуметтік-мәдени, экономикалық немесе саяси маңызы бар ғылыми проблеманы шешу.

8.1.3 Ғылыми негізделген техникалық, экономикалық және технологиялық шешімдері, оларды енгізу ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге елеулі үлес қосады.

8.2 Диссертация нәтижелері жаңалықтарының деңгейі

8.2.1 Нәтижелері жаңа.

8.2.2 Жекелеген нәтижелері жаңа емес.

8.2.3 Нәтижелердің елеулі бөлігі жаңа емес.

8.3 Диссертация нәтижелерінің құндылығы

8.3.1 Жоғары.

8.3.2 Қанағаттанарлық.

8.3.3 Қанағаттанарлық емес.

8.4 Диссертация тақырыбының жоспарлы зерттеулермен байланысы.

8.4.1 Тақырып мемлекеттік және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар немесе халықаралық зерттеу бағдарламаларына кіреді.

8.4.2 Тақырып іргелі зерттеулер бағдарламасына, салалық бағдарламаға, ғылыми ұйымдар және жоғары оқу орындары жоспарына кіреді.

8.4.3 Бастамашыл жұмыс.

8.5 Қолданбалы маңызы және кеңейтілген пайдалану бойынша ұсыныстары бар диссертация нәтижелерін енгізу (пайдалану) деңгейі.

8.5.1 Халықаралық деңгейде (сатылған лицензиялар, халықаралық грант алу).

8.5.2 Салааралық деңгейде.

8.5.3 Сала ауқымында.

8.5.4 Ұйымның аясында.

8.5.5 Кеңейтілген қолданылуды талап етеді.

8.5.6 Кеңейтілген қолданылуды талап етпейді.

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан	

		<p>белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 	

		<p>2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ.</p>	
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ.</p>	
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.</p>	
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармағына сәйкес)		

Ескерту: Абай атындағы ҚазҰПУ қызметкерлеріне жатпайтын рецензенттердің қолдары өз жұмыс орнында расталады

Этикалық комиссияның қорытындысы _____

ЖОО атауы

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелеріне тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы _____

(қолы, тегі және аты-жөні)

Этикалық комиссияның хатшысы _____

(қолы, тегі және аты-жөні)

ДЕК 5013 ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ

ЕСЕПТІК КАРТОЧКАСЫ

Қайда: 050096, Алматы,
Бөгенбай батыр көшесі, 221
ҚР ҒТА Ұлттық орталығы
т.54-73-99

5418 Шығыс №, күні

5436 Инвентарлық №

6147 Ізденушінің тегі, аты және әкесінің аты / туған жылы

7434 Қорғаған күні

6444 Ғылыми мамандығының шифры

6480 Білім бойынша мамандығының №

7425 Дәрежеге іздену

5715 Диссертация тілі

	Ғылыми жетекшісі	Ресми рецензенттері		
Тегі, аты, әкесінің аты	6156	6165		
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	6255	6264		
Ғылыми мамандығының шифры	6453	6462		
Ұйымның қысқаша атауы	2286	2295		
Қаласы	2700	2664		
Елі	2808	2809		
Телефоны	2907	2961		

5742 Беттер саны

5472 Патенттер

5481 Жарияланым

5112 Таратылу жағдайы Ақысыз беру

5751 Қосм-шалар

5787 Қолданылған деректер

7344 Енгізу 35 енгізілген 53 енгізілмеген

64 Шығын орнын толтыртып беру

73 Беруге жатпайды

4417 Жұмыстың мемтіркеу №

7020 бағдарламасының шифры

2088 Ізденуші жұмыс істейтін ұйым туралы мәліметтер

2484 ҚҰЖЖ коды

2781 Қаласы

2810 Елі

2988

Телефоны

3087 Электрондық мекен-жайы

2385 Ұйымның қысқаша атауы

1350 Министрліктің (ведомствоның) қысқаша атауы

2187 Ұйымның атауы

2682 Ұйымның мекен-жайы

2100 Жұмыс орындалған ұйым туралы мәлімет

2457 БТӨМ коды

2754 Қаласы

2808 Елі

2934

Телефоны

3034 Электрондық мекен-жайы

2358 Ұйымның қысқаша атауы

1300 Министрліктің (ведомствоның) қысқаша атауы

2151 Ұйымның атауы

2655 Ұйымның мекен-жайы

2034 Кеңесте қорғау жүргізілген ұйым туралы мәліметтер

2430 ҚҰЖЖ коды

2736 Қаласы

2811 Елі

2935

Телефоны

3033 Электрондық мекен-жайы

2331 Ұйымның қысқаша атауы

1332 Министрліктің (ведомствоның) қысқаша атауы

2304 Ұйымның атауы

2637 Ұйымның мекен-жайы

телефоны

7452 Кеңестің шифры

7461 Кеңестің

7407 Диссертациялық кеңес туралы мәліметтер

9045 Диссертацияның атауы

9117 Реферат

7326 Сатуға ұсынылатын өнім

- | | | |
|----------------------------|--|-----------------------------|
| 02 техникалық құжаттама | 08 материалдар | 14 Базалар, банк деректері |
| 03 әдістемелік құжаттама | 09 қосылыстар | 15 Карталар |
| 04 бағдарламалық құжаттама | 10 препараттар | 16 Стандарттар, нормативтер |
| 05 Технологиясы | 11 ауыл шаруашылығы | 45 Техника үлгісі |
| 06 Әдістер, тәсілдер | дақылдарының сорттары | 46 Автоматтандырылған жүйе |
| 07 моделі | 12 ауыл шаруашылығы малдарының тұқымдары | 72 Сериялық өнім |
| | 13 коллекция | 73 Басқа (көрсетіңіз) |

5634 Индексы ЖОЖ				
	Тегі, аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, ҒЫЛЫМИ атағы	Қолы	Мөр орны
Диссертациялық кеңес төрағасы	6174	6273		

5616 Тақырыптық бөлім кодтары (ҒТАМРК)

--	--	--	--	--	--	--	--

5641	Түйін сөздер	7435 Күн
01		
02		
03		
04		
05		

**Ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

_____ (докторанттың аты-жөні)
диссертациялық жұмысына
« _____
_____»
(диссертация тақырыбы)

_____ саласы бойынша
(ғылым саласы)

«философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін _____
_____ мамандығы бойынша
(білім беру бағдарламасының атауы)

Зерттеу тақырыбының өзектілігі
Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі
Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы
Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер
Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестілігі
Диссертацияны қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс

Ғылыми кеңесші,
(ғылыми дәрежесі, атағы) **(Аты-жөні)**

REVIEW

of the dissertation of _____ (name of the student)
entitled _____

submitted in a partial satisfaction of the requirements for
the degree of Doctor of Philosophy

The importance and relevance of the research
Reliability and validity of the theoretical and practical results, their novelty
The scientific and practical importance of the results
Improvements (if any) to be made
Compliance with general standards of a PhD dissertation
Dissertation approved (not approved) for defense

External Supervisor
(Full name, signature, date)

Note: review should be written on headed paper

КЕЛУ ПАРАҒЫ

_____ (аты-жөні)

_____ мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясын қорғау бойынша құрылған Диссертациялық кеңестің «____» _____ 20____ ж. хаттама № _____ отырысына

Р/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Ғылыми дәрежесі, мамандық шифры	Отырысқа келуі (қолы)
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			

Дисс. кеңестің хатшысы _____

(аты-жөні)

(қолы)

**Диссертациялық кеңес сайлаған
Санақ комиссиясы отырысының
ХАТТАМАСЫ**

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Санақ комиссиясының құрамы _____
(аты-жөні)

_____ (аты-жөні)

Комиссия құпия дауыс берудің дауыстарын санау үшін құрылды.
Диссертациялық кеңестің бекітілген құрамы _____ адам. Диссертациялық кеңес мәжілісіне қатысқан _____ адам, оның ішінде қорғалып отырған диссертация бейімі бойынша ғылым докторларының саны _____
Таратылған бюллетеньдер саны _____
Таратылмай қалған бюллетеньдер саны _____
Жәшікте қалған бюллетеньдер саны _____

_____ (аты-жөні)

_____ мамандығы

(оқу бағдарламасының атауы)

бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін беру туралы мәселе бойынша дауыс берудің нәтижелері:

Қарсы емес: _____

Қарсы: _____

Жарамсыз бюллетеньдер: _____

Докторлық диссертацияны орындауы үшін қойылған баға _____

Санақ комиссиясының төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

_____ (аты-жөні)

_____ (аты-жөні)

_____ (аты-жөні)

_____ (аты-жөні)

(докторанттың аты-жөні)

(бағдарлама атауы)

білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Диссертациялық кеңес мәжілісінің

СТЕНОГРАММАСЫ

Алматы қ. «_____» _____ 20_____ ж.

ДК төрағасы: _____
(ғыл. дәрежесі, ғыл. атағы, аты-жөні)

ДК хатшысы: _____
(ғыл. дәрежесі, ғыл. атағы, аты-жөні)

№ _____ ХАТТАМА

Диссертациялық кеңестің отырысына қатысты:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.
- 8.
- 9.
- 10.

Диссертациялық кеңестің _____ мүшесі себепті жағдайларға байланысты қатыспады:

- 1.
- 2.
- 3.

Төраға. Құрметті Диссертациялық кеңестің мүшелері! Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы _____

мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация қорғау бойынша Диссертациялық кеңес құрамы _____ адам болып бекітілген.

Бүгінгі мәжіліске Диссертациялық кеңестің _____ мүшесі қатысып отыр.

Мәжіліске қатысып отырған Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері қатысу парағына қол қойды. Кворум бар.

Диссертациялық кеңестің мәжілісін ашық деп жариялауға кім қарсы емес, дауыс берулеріңізді өтінемін. Кім қарсы? Жоқ. Қалыс қалғандар? Жоқ. Бірауыздан ашық деп жариялаймын.

Күн тәртібінде _____
(докторанттың аты-жөні)

«_____»
тақырыбындағы,

(диссертация тақырыбы)

(білім бағдарламасы)

мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған диссертацияның қорғауы.

Диссертация _____

отандық ғылыми кеңесші _____

және шетелдік ғылыми кеңесші _____

жетекшілігімен орындалған.

Ресми рецензенттер: _____,

Сөз Диссертациялық кеңестің мүшелерін диссертанттың аттестациялық жұмысының материалдары мен анкеталық деректерімен таныстыру үшін Диссертациялық кеңестің хатшысы _____ беріледі.

ДК хатшысы. Диссертациялық кеңестің мүшелерін ізденушінің анкеталық деректерімен таныстырады және диссертациялық жұмыстың барлық материалдары талапқа сәйкес дайындалғанын хабарлайды.

Төраға. Сөз диссертацияның негізгі мазмұнын/қағидаларын баяндау үшін диссертантқа беріледі.

Докторант диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерін баяндайды (баяндама стенографияланбайды, диссертацияның аннотациясы қосымша беріледі).

Төраға. Баяндамаңыз үшін рахмет. Құрметті Диссертациялық кеңес мүшелері, ғылыми пікірталасқа көшейік. Диссертантқа қойылар қандай сұрақтар бар? «Философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған диссертацияны қорғау ережесі бойынша диссертант сұрақтарға қосымша дайындықсыз жауап береді және сұрақтар алдыңғысына жауап берілген соң біртіндеп қойылады.

Сұрақтар.

Диссертанттың жауаптары.

Төраға. Сөз Диссертациялық комиссия төрағасына/мүшесіне беріледі:

(ДК комиссиясының Қорытындысын жариялау)

Төраға. Ал, құрметті Диссертациялық кеңестің мүшелері, егер Сіздердің басқа сұрақтарыңыз болмаса талқылауға көшейік. Сөз ғылыми кеңесші _____ беріледі.

(докторанттың ғылыми кеңесшілері мен диссертациялық жұмыстың ресми рецензенттерінің пікірлерін таныстыру, диссертанттың айтылған ескертулерге жауабы)

Төраға. Құрметті Диссертациялық кеңестің мүшелері, тағы да өз пікірін білдірем деушілер бар ма?Рахмет.

Арнайы талаптарға сәйкес біз қазір санақ комиссиясын сайлап алуымыз керек (дауыс беру)

Санақ комиссиясы сайланды, үзіліс, комиссия мүшелерінен басқасы шығып кетеді (Диссертациялық кеңес мүшелерінің кеңесі мен дауыс беруі)

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН

Төраға. Құрметті әріптестер, біз санақ комиссиясының төрағасы _____ сөз береміз.

(қорғау нәтижелері мен Диссертациялық кеңестің шешімін хабарлау)

Төраға: Барлығыңызға үлкен рахмет, қорғау аяқталды, сөз докторантқа беріледі.

Докторант:

Төрағаның қорытынды сөзі. Диссертациялық кеңестің мәжілісі ресми түрде жабық деп хабарланады.

ДК төрағасы: (ғыл. дәрежесі, ғыл.атағы, аты-жөні)

ДК хатшысы: (ғыл. дәрежесі, ғыл.атағы, аты-жөні)

(Университеттік бланк)

**Қазақстан Республикасының
«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-
техникалық сараптау
орталығы» АҚ**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация қорғау бойынша Диссертациялық кеңесі _____

(Аты-жөні)

« _____ »
_____»

тақырыбында « _____ »
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
« _____ » 20 _____ жылы қорғаған диссертациясын микрофильмдеуге жібереді.

Қосымша: ДЕК – 6 дана,
Аңдатпа – 1 дана (3 тілде),
Диссертация – 1 дана,
Ғылыми еңбектер тізімі
CD – 1 дана

Диссертациялық кеңес төрағасы

Жетекшілік ететін проректор

Елтаңбалы мөр

Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

		Фото 3x4
1	Туған жері, жылы, айы, күні, азаматтығы, ұлты	
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқыған мерзімі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертацияны қорғау орны мен уақыты	
5	Диссертацияның тақырыбы мен тілі	
6	Ғылыми кеңесшілер (Аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (Аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:	
	Комитет ұсынған басылымдарда	
	Web of Science немесе Scopus базасындағы шетелдік басылымдарда	
	Халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде:	
	Шетелдік конференциялар материалдарында	
9	Еңбек қызметі	
Күні	Жұмыс орны, қызметі	Мекеменің орналасқан жері
қабылданған	босатылған	
10	Мекен-жайы, байланыс деректері	

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр, күні «__» _____ 20__ жыл